

Құрметті Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы! Қадірлі ғалым-ұстаздар!

Еліміздің жоғары оқу орындары әрдайым қоғамның ғылыми, интеллектуалдық дамуының қайнар көзі болып келеді. Бастауы күрделі кезеңдердің қыртысында жатқан бүгінгі Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әрқашан ел экономикасына білікті мамандар мен ғылыми жаңалықтар беріп отырды.

Қалыптасқан озық дәстүрлеріне берік болған, жаңа жаһандық құндылықтарды сіңіре білген білім ордасына биыл 80 жыл толып отыр. Осы орайда Сіздерді Оңтүстік өңірдің білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімін иеленген білім ордасы бүгінде жаһандық бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолында тынымсыз еңбек етуде. Университет соңғы 5 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырды. Өңірдің интеллектуалдық потенциалын шоғырландырған ғылыммен білім ордалары бүгінгі күнгі қарқынды көштің сонында қалмауы керек. Мен әрқашан ел экономикасын ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасын ұсынып келемін. Ғылым – экономикамыздың қуатты, болашағымыздың жарқын болуына жол ашатын пәрменді қару. Осы бағыттағы Сіздердің жетістіктеріңіз көпшілікке мәлім. Бұл, Сіздердің қажырлы қайраттарыңыз бен сарқылмас жігерлеріңіздің арқасында деп бағамдаймын.

Еліміздің барлық аймақтарында дарынды әрі ойы ұшқыр, креативті жас ұрпақ өсіп келеді. Біз жоғары оқу орындары арқылы олардың ішкі әлеуетін толық ашуға жағдай жасауымыз кө-рек. Аймақтық университеттер негі-зінде біртұтас инновациялық эко-жүйе құру қажет. Оны нақты секторлмен ынтымақтаса отырып жүзеге асыру – Сіздер мен жергілікті қауымдастықтың міндеті.

Атаулы 80 жылдың ішінде оқу ордасы көптеген табыстарға қол жеткізіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Университет алдыңғы қатарлы ғылым, білім ұйымдарымен ынтымақтастық орнатып, әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Өскелең ұрпаққа білім мен ғылымды, тәлім мен тағылымды бойына сіңіру жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Мерейтой құтты болсын!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді университеттің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! М.Әуезов университеті – еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан белгілі жоғары оқу орындарының бірі.

Президентіміз Жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуі тиіс үш маңызды бағытты атады. Олар – терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет.

Білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алады. Елге тірек болу – әрбір жастың мұраты. Ел жастардан тың бастамалар және озық идеялар күтеді. Жастар адал еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуы тиіс.

Сіздердің бүгінде алдарыңызға қойып отырған ғылыми-педагогикалық миссияларыңыз – Тәуелсіз Қазақстанның әлем өркениеті арасында лайықты орын алу жолындағы мақсат-мүддесіне толық сай келеді. Университет осы бағытта өнімді әрі креативті түрде еңбек етіп келеді.

Кезінде заңғар жазушы, ойшыл Мұхтар Әуезовтің: «Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін – білім», – деп айтқан даналық сөзі оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігін айқындайтындай.

Алдағы уақытта да университет ұжымына хәкім Абай негізін салған «Толық адам» ілімі концепциясына сай ғылым мен білімді өнегелі тәрбиемен ұштастырып, шәкірттер тәрбиелеуде зор жетістіктерге жете берулеріңізге тілектеспін.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы

Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Бүгінде еліміздегі еңселі де беделді, тағлымды да тұғырлы білім ордасы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне 80 жыл толып отыр. Университет осы жылдары бірнеше белестерден өтіп, өзіндік дәстүрі мен дағдысын, тәжірибесі мен тарихын қалыптастырды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан, ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі», – деп атап өтті.

Жастарға сапалы білім, ұлағатты тәрбие беріп, олардың заманға сай саналы, білімді, өнегелі азамат ретінде қалыптасуына, адами құндылықтар мен мәдени игіліктерді меңгеруде жоғары оқу орындарының алар орны айрықша.

Мұхтар Әуезов университеті әлемдік және ұлттық рейтингтерде жыл сайын үздіктер қатарынан көрініп, мемлекетіміздің білімі мен ғылымына, мәдениеті мен экономикасына тың серпін беруде. Университет отандық ғылымды дамытып, жоғары білім беру саласында жаңа бастамалар мен ілкімді ізденістердің ұйытқысына айналды.

Түлектеріңіз тек қана ел аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде еңбек етумен қатар кәсіби біліктілік пен жоғары жауапкершілік, ерекше білімдарлық пен қарымды қабілет көрсетіп жүргенін мақтанышпен атап өту қажет.

Құрметті университет ұжымы, барша-ңызды атаулы мерекемен шын жүрек-тен құттықтай отырып, егемен еліміздің еңсесін биіктету жолындағы қадамдарыңызға толағай табыстар тілеймін!

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы

Құрметті Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді еліміздегі танымы биік, тарихы терең, беделді жоғары оқу орындарының бірі – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Кемел келешектің кілті қашан да сапалы білімде. Бұл тұрғыда білім мен ғылымның бірегей орталығына айналған университеттің отандық білім және ғылым көкжиегіндегі алар орны ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Біз ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтуіміз керек. Сонымен бірге, әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейткен жөн. Ғалымдар еліміздің рухани дамуынада баса мән бергені дұрыс. Әсіресе, жастардың отаншылдық рухын күшейту керек», – деген болатын. Бұл тұрғыда Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті көптеген биік мақсаттар мен іргелі жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Университет қаншама түлектерді үлкен өмірге қанаттандырды, олар бүгінде еліміздің әр түкпірінде абыройлы қызмет атқаруда. Мұның барлығы оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамының қажырлы еңбегінің арқасында екені мәлім. Білім мен ғылымның қайнар көзі болған байырғы оқу ордасы үлкен-үлкен жетістіктерге жетіп, мол мүмкіндіктерге ие болды. Шетелдің алдыңғы қа-тарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, жоғары көрсеткіштерімен әлемдік рейтингтердің қатарынан көрінді.

Университет ұжымы алдағы уақытта да әлемдік бәсекеге тәтеп беріп, озық ойлы, ұлтжанды кадрларды тәрбиелеу жолындағы игілікті дәстүрді жалғастырады деген сенімдемін. Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Құрметті Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы! Ғалымдар мен оқытушылар!

Сіздерді білім мен ғылымның ұшар шыңына айналған, қоғамға сан-салалы кәсіп иелерін дайындап, үлкен белеске қанат қақтырған Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттің дамуы үшін ғылым мен жоғары білімнің орны айрықша. Сіздер осы жолда тынымсыз еңбек етіп, жас ұрпаққа үлгі болып келесіздер. 1943 жылы сұрапыл соғыстың кезеңінде негізі қаланған университет бүгінде әлемдік нарықта сұраныска ие бірегей білім ордасына айналып отыр. Сондай-ақ, сіздердің жоғары оқу орындарыңыз білімберудің 3 деңгейлі сатысын жоғары деңгейге көтеріп, отандық университеттердің көшбасшысына айналуда. Бұл әрине, ұжымның, ондағы профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында.

Бүгінгі алмағайып аламан дәуірде ғылыми прогресстің қаншалықты маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті. Жаһандық бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, кәсіби шыңдалған, танымы мен тағылымы бір арнаға тоғысқан маман даярлау аса маңызды болып отыр. Сіздер осы құндылықтарды берік ұстанып, биіктерге қанат жайып келесіздер. Бұл біз үшін де үлкен қуаныш, мерейлі мәртебе.

Университет алдына қойған стратегиялық мақсатты еш кедергісіз жүзеге асырып келеді. Сіздер дайындаған шәкірттер мен дарынды тұлғалар еліміздің әр түрлі салаларында қызмет атқарып, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосуда. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымының осы орайдағы бастамаларына толымды табыс тілей отырып, мерейлі 80 жылдық тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Алар асуларыңыз биік, шығар шыңдарыңыз мол болғай!

Саясат НҰРБЕК,
Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі

Құрметті Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді тарихы терең жатқан ілкімді ізденістердің ұйытқысы, ғылым мен білімнің алтын ордасы – Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Сонау екінші дүниежүзілік соғыстың белең алып тұрған кезеңінде негізі қаланған білім ордасы бүгінде қаншама шәкірттің қанатын қатайтып, ғылым нәрімен сусындатып, қоғамға зор үлесін қосуда.

Іргелі қара шаңырақта елімізге белгілі және шет елге танымал тұлғалар отандық білім мен ғылымның жандануына мұрындық болуда. Заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімімен аталатын білім ордасында Қазақстанға еңбек сіңірген білім, ғылым қайраткерлері, мәдениет және спорт майталмандарымен қатар шетелдік оқытушы-профессор құрамы әлемдік нарыққа сай мамандар даярлауда аянбай еңбек етуде.

Бүгінгі «Жаңа Қазақстанда» Сіздер баулыған түлектер тек өндіріс саласында ғана емес, елімізде жауапты қызметтер атқаруда және олардың ішінде ұлтымыздың маңдайалды тұлғалары мен қайраткерлері Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп, қанат жаюына сүбелі үлесін қосуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындаймыз», – деген болатын. Университет бүгінде осы қағиданы берік ұстануда.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – елімізде білім сапасы мен контингент бойынша бүгінде көш бастап отыр. Атап айтқанда, сіздердің білім ордаларыңыз әлемдік және ұлттық рейтингтерде жыл сайын жетекші орын алып, Халықаралық және Ұлттық рейтингтерге топ жарып, жаһандық бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жолында білім ордасы әлемдік ғылым ордаларымен иық тіресе қызмет атқаруда.

Білім ордасы 100-ден астам шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқаны барлығымызға белгілі. Университет ұжымы алдағы уақытта еліміздің білімі мен ғылымының мәртебесін көтеріп, «Жаңа, Әділетті Қазақстанымыздың» дамуына елеулі үлес қосады деген сенімдемін. Ұрпаққа бірегей білім мен тағылымды тәрбие беру жолындағы еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін! Мерейтойларыңыз құтты болсын!

Тамара ДҮЙСЕНОВА,
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары